

«Тәуілсіздігім теңдігім – егеменді елдігім»

(тақырыптық сабақ)

Тәрбиеші: Кияшбаева Айгуль Амантаевна



2022-2023оқу жылы

Тақырып: «Тәуілсіздігім теңдігім – егеменді елдігім»

Мақсаты:

- 1) Балаларға тәуелсіз мемлекет туралы түсінік беру балалардың Отанға деген сүйспеншіліктерін арттыру. Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Елтаңба, ту, әнұран туралы білімдерін қалыптастыру. Отан туралы тақпақ. Мақал-мәтелді жатқа айтуға үйрету. Патриоттық сезімге баулу.
- 2) Балалардың тіл байлығын ой-өрісін, сөзді байланыстырып сөйлеу қабілетін дамыту.
- 3) Елімізді, жерімізді қадірлеуге, сүюге тәрбиелеу.

Бекболат Тілеухановтың «Елім менің» әнімен балалар залға кіреді.

Тәрбиеші: Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар!

Тәуілсіздігім теңдігім – егеменді елдігім»

атты тақырыптық сабаққа қош келдіңіздер! Тәрбиеші: 1991жылы 16 желтоқсан күні біздің елдің тәуелсіздігі жария етілді. Міне көп жылдар бойы осы мерекені достық, бейбітшілік пен татулық күні деп тойлаймыз. Балалар, қазір біз Қазақстанның әнұраны орындаймыз, біздің елдің салтанатты әнін орнымыздан тұрып орындайық.



Тәрбиеші: Балалар, біздің Отанымыз қалай аталады?

Балалар: Қазақстан республикасы.

Жүргізуші: Қазақстан қандай мемлекет?

Балалар: Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Жүргізуші: Балалар, бүгін міне осы Тәуелсіздік мерекесі күні. Еліміздің тұңғыш елбасы кім?

Балалар: Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Жүргізуші: Балалар, ал президентіміз кім?

Балалар: Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жүргізуші: Еліміздің елордасы қай қала?

Балалар: «Астана»

Жақсы балалар.

Біздің Отанымыз Қазақстан - тәуелсіз, егеменді мемлекет.

Тәуелсіздік үшін қаншама азаматтарымыз, ардақты ағаларымыз, ақылды жастарымыз ғұмырларын күреске арнап Тәуелсіздік жолында құрбан болған Ләззат, Сабира, Ербол, Қайрат есімді азаматтарымыздың рухына бас иіп орнымыздан тұрып 1 минут еске алайық!

Олардың аңсаған армандарымен үміт тілектері бұл күнде толық жүзеге асты. Қазақ елі тәуелсіздігін алды. Туымыз асқақтап желбіреп тұр. Балалар, біздің Қазақстан казіргі таңда өтте мықты мемлекеттің бірі. Ел ордамыз Астана қаласы болғасын, ең әдемі ғимараттар осы жерде.





Балалардың тақпақтары

1 Ерсултан

*Қуат алған өзінен,
Туған елдің ұлымын.
Бақытты етіп өсірген,
Отанымның гүлімін*

2 Динара

*Тәуелсіздік-тірегім,
Тәуелсіздік-тілегім.
Ертенгі деп елімнің,
Дүрсілдейді жүрегім.*

3 Женья

*Тәуелсіздік еліміз,
Мәңгі жасар жеріміз.
Тәуелсіздік жасаған
Аға, Әпкелеріміз!*

4 Бекзат

*Тәуелсіздік мақтанышым,
Бізге бақыт сыйлаған.
Бейбіт күнде мен тынышпын,
Әрбір таным нұр маған.*

Ән: «Туған жердей жер болмас!»



Куаныш:

Мерекеге шығады
Бүкіл халық, біліп қой.
Отандастар ұғады
Тәуелсіздік - ұлық той.

Әмірхан:

Аралаймын алаңды
Тәуелсіздік күні мен.
Батыр Қайрат ағамның
Суретіне үңілем.

Арсений:

Он алтыншы **желтоқсан**
Тәуелсіздік алған күн.
Мерекеге ел тосқан
Шырқатып ән салған күн.

**Ойын: «Көленкені тап» Шарты:Балалар шар жару
арқылысуреттерді тауып, көленкісін тауып орналастырады.**



Бүгінгі тақырыптық сабақ «Тәуілсіздігім теңдігім – егеменді елдігім» аяқталды, қош сау болындар.